



**БҮЙРЫҚ**  
2021 ж. «01» қыркүйек  
№ 1-03/94

**ПРИКАЗ**  
№ 1-03/94  
«01» сентябрь 2021 г.

### Тамақтандыру ұйымдастыру туралы

Павлодар облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 6 тамыздағы «Павлодар облысының аумағындағы шектеу карантиндік шаралары туралы» № 18 қаулысы 2 тармақ, 54 тармақша негізінде (02.09.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсете қағидаларын бекіту туралы» № 158 бұйрығы, «Тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысы «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына» 10 тармаққа сәйкес

#### **БҮЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жылғы 2 қыркүйектен бастап бейінді оқыту бойынша басшының орынбасары Ж. М. Джакупов білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастырып:

- 1) оқушыларды ыстық тамақпен барынша қамтуды қамтамасыз ету;
- 2) асханада әкімшілік пен сынып жетекшілерінің кезекшілік кестесін жасау;
- 3) жалға алушымен бірлесіп білім алушылардың маусымдылығын, жас ерекшеліктерін ескере отырып, кемінде 3 кешенниң перспективалық мәзірін, сондай-ақ перспективалық мәзірге сәйкес құнделікті мәзірді әзірлеу;

2. Әлеуметтік педагог Г. К. Норпейсова аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды, жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды ыстық тамақпен 100% қамтуды қамтамасыз етсін.

3. Келесі тамақтану кестесін орнатыныз:

- 1) 10А 10Б сыныптар үшін 10:40-тан 10:55-ке дейін;
- 3) 11А, 11Б сыныптар үшін 11:40-тан 11:55-ке дейін.

4. Сабак уақытында оқушыларды мектеп және асхана бойынша кезекшілікке тартпау.

5. Шаруашылық менгерушісі Б. М. Бабажанова оқушылардың қолдарын жууға және ауыз су режимін сақтауға жағдай жасасын.

6. Асханаға еріп жүру, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау жауапкершілігі 10-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін.

7. Жалға алушы П. Г. Каркавина

- 1) covid-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында ас блоктарының жұмысын ұйымдастыруға, тамақ өнімдері мен дайын тағамдарды сақтау жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау;

- 2) білім алушылардың маусымдылығын, жас ерекшеліктерін ескере отырып, кемінде 3 кешеннің перспективалық мәзірін, сондай-ақ перспективалық мәзірге сәйкес күнделікті мәзірді өзірлеу;
- 3) оқушыларға білім беру ұйымдарында тыйым салынған өнімдердің сатылуына жол бермеу (тыйым салынған өнімдердің тізімі қоса беріледі).

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының бейінді оқыту жөніндегі орынбасары Ж. М. Джакуповқа жүктелсін.



Г.Т. Топанова

**Бұйрықпен таныстырылды:**

Б.М. Бабажанова *Он*  
У.А. Божакаева *бап*  
П.Г. Каркавина *П.Г.*  
Т.С. Муликбаева *Т.С.*  
Г.К. Норпейсова *Г.К.*  
Ж.М. Джакупов *Ж.М.*  
Б.М. Шажанканова *Б.М.*